

## **Жаңақазан ауылының көшелерінің атауын өзгерту туралы**

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы Жаңақазан ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 2 қазандағы N 8 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 10 қарашада N 7-5-97 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарын басшылыққа алып Жаңақазан ауылының тұрғындарының 2005 жылдың 23 желтоқсандағы N 3, 2006 жылдың 6 қаңтардағы Жаңақылы аудандық ономастикалық комиссиясының отырысының N 1 хаттамаларын қарап **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Жаңақазан ауылындағы Новостройка көшесі - Нәсіпқали Бекесов, Степная көшесі – Бисекеш Дәулетов, Октябрьская көшесі – Бақтығали Уәлиев, Почтовая көшесі – Рақым Құдайбергенов, Коммунальная көшесі - Есенғали Лепесов, Озерная көшесі – Тілекқабыл Суханқұлов болып атаулары өзгертілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауға алуды өзіме қалдырамын.

*Жаңақазан ауылдық округінің әкімі*